

Қазақ тілі

Жұмыс дәптері

2

СЫНЫП

К. М. Бекмұхамбетова, А. К. Биисова

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
арнайы мектептердің (сыныптардың)
2-сыныбына арналған жұмыс дәптері

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша

Алматы
2019

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Б 39

Шартты белгілер:

-  – Күрделіліктің төменгі деңгейіндегі тапсырма.
-  – Күрделіліктің орташа деңгейіндегі тапсырма.
-  – Күрделіліктің жоғары деңгейіндегі тапсырма.

Бекмұхамбетова К. М. т.б.

Б39 Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 2-сыныбына арналған жұмыс дәптері / К. М. Бекмұхамбетова, А. Қ. Биисова. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019. – 52 б.

ISBN 978-601-249-594-2

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-249-594-2

© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019

ӨЗІМ ТУРАЛЫ



Дыбыстар мен әріптер. Дауысты дыбыстар

1-тапсырма.

● ● ● Ұқсас дыбыстарды көшіріп жаз.

А-ә, о-ө, и-й, ұ-ү, ғ-г, қ-к, н-ң, б-в, б-д, д-в, г-б

2-тапсырма.

● Дауысты дыбыстарды есіңе түсіріп жаз.

● Дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болатынын есіңе түсір.

3-тапсырма.

● Берілген әріптерге сөз ойла. Дұрыс жаз.

А-ә, о-у, с-ш

4-тапсырма.

● Бас әріптердің жазылу ұқсастығына көңіл аудар.

Дұрыс жаз.

Л-М, П-Т, Х-Ж, Г-Р, И-Ш, Н-К, У-Ч, Н-К, Л-Я

5-тапсырма.

● ● Берілген әріптерді қатыстырып сөздер ойлап жаз.

О-а, а-д, л-н, н-ң, ү-ұ

6-тапсырма.

● Берілген сөздерді салыстырып оқы. Көшіріп жаз.

● Дауысты дыбыстардың астын сыз.


● Жуан дауыстылардың астын бір сызықпен, жіңішке дауыстылардың астын екі сызықпен сыз.

Алма, гүл, күн, қобыз, балға, сөлем, жұлдыз, бақыт, сынып, тарақ, дәптер.

Буын

1-тапсырма.

- Заттардың атауын жаз.
- Заттардың атауын буынға бөліп жаз.

[illegible]

2-тапсырма.

- Сөздерді көшіріп жаз. Буынға бөліп оқы.
- Сөздерді буынға бөліп жаз.

Күз, жаңбыр, жапырақ, қараша, торғай.

3-тапсырма.

● Сөздерді көшіріп жаз.

● ● Буынға бөлінбейтін сөздерді жаз.

Қаз, шай, жент, шаш, тас, бас.

4-тапсырма.

● ● «Буын» дегеніміз не? Анықтамасын оқулықтан көшіріп жаз.

5-тапсырма.

● Олеңді мәнерлеп оқы.

● ● Көркем жаз.





Атам менің: «Әманда
Әділетті бол» деген.

Ақыл сөзі санамда,
Жүрем әділ жолменен.

6-тапсырма.

- Сөздер қатарын толықтырып жаз.
- Түрлі түсті қарындаштармен боя.

Үйрек, ... , ... , ... , ... ,



7-тапсырма.

- Түсініп оқы. Бірінші екі жолды көшіріп жаз.
- Мақалды жаттап ал.
- Буынға бөліп жаз.

Әдепті бала
Ата-анасын мақтатар.

Әдепсіз бала
Ата-анасын қақсатар.

Тасымал

1-тапсырма.

- Сөздерді көшіріп жаз.
- Буынға қалай бөлінгеніне назар аудар.

Қа-ла, Ас-та-на, Бөй-те-рек, бір-лік, мақ-та-ныш,
ын-ты-мақ.

Handwriting practice lines for the first task, consisting of five sets of three horizontal lines with a diagonal line for letter height guidance.

2-тапсырма.

- Сөздерді көшіріп жаз.
- Сөздерді тасымалдап жаз.
- Сөздерді қалай тасымалдағаныңды түсіндір.

Балдырған, бөбек, бөпе, нәресте, перзент, балақай, сәби.



Handwriting practice lines for the second task, consisting of five sets of three horizontal lines with a diagonal line for letter height guidance.

3-тапсырма.

- Жұмбақтың шешуін тап.
- Суретін сал.


Сөйлегенді білмейді,
Бірақ: «Тоқта!», «Сақтан!», «Жүр!» – дейді.



Әліпби

1-тапсырма.


● ● Әліпбиді ретімен әдемі жаз.



2-тапсырма.

● ● Есіңде болсын! Көркем жаз.

Жүріп келе жатқан көліктің алдынан өтіп кетемін деуші болма. Ол тоқтағанша, не өтіп кеткенше тоса тұр.



3-тапсырма.

- Сыныптас балалардың аттарын ата.
- Парталас көршіңнің атын жаз. Қай әріптен басталатынын айт.
- Сыныптас балалардың аттарын әліпби ретімен әдемі жаз.

Мысалы: Қанат, Алпамыс, Елжан, Сапар, Әдемі, Кәрім, Бауыржан, Ғалия.

4-тапсырма.

- ● ● Әліпбиден дауысты дыбыстарды теріп жаз.

5-тапсырма.

- ● ● Әліпбиден дауыссыз дыбыстарды теріп жаз.

Дауыссыз дыбыстар

1-тапсырма.

- Сөздерді көшіріп жаз.
- Құстардың үйшігінің суретін сал.
- Дауыссыз дыбыстардың астын сыз.

Торғай, тоқылдақ, сауысқан, қарға, шымшық, көкек.



Handwriting practice lines consisting of five sets of horizontal and diagonal blue lines forming a grid.

2-тапсырма.

- ● Сөздерді оқы. Көшіріп жаз.
- Оларға дыбыстық талдау жаса (қызыл, көк түспен көрсет).

Дәрігер, жұмысшы, тәрбиеші.

Handwriting practice lines consisting of five sets of horizontal and diagonal blue lines forming a grid.


3-тапсырма.

- Дауыссыз дыбыстардың түрлерін есіңе түсіріп жаз.
- Қатаң дауыссыз дыбыстарды бір бөлек, ұяң дауыссыз дыбыстарды бір бөлек жаз.

4-тапсырма.

- Суреттегі заттардың аттарын жаз.
- Құрал-сайманды білдіретін сөздерді жалғастыр.
- Қатаң дауыссыз дыбысы бар сөздерді теріп жаз.

Балға, ... , ... , ...,



5-тапсырма.

- Сөздерді көшіріп жаз. Дауыссыз дыбыстардың астын сыз.
- Төмендегі сөздердің дауысты және дауыссыз дыбыстарын ажырат.

Қызылша, сәбіз, қырыққабат, қарбыз, картоп, қызанақ.

Нәтиже сабақ

Мен не үйрендім?

1-тапсырма.

● ● Берілген сөздерді буынға бөл.

Оқушы, мұғалім, тәрбиеші, дәрігер, логопед.

2-тапсырма.

● ● ● «Тасымал» дегеніміз не? Анықтамасын оқулықтан көшіріп жаз.

3-тапсырма.

● ● Өлеңді оқы. Қарамен жазылған сөздерді көшіріп жаз. Бұл сөздерді неге тасымалдауға болмайтынын айт.

Ат. Атпен шап!

Доп. Допты соқ!

Жер. Жеміс тер!

Ине. Қадап ал түйме.

Мұз. Мұзды бұз!

Су. Бетің жу!

(М. Әлімбаев)

МЕНІҢ МЕКТЕБІМ



Заттың атын білдіретін сөздер

1-тапсырма.

●●● Көркем жаз. Төмендегі сөздер қандай сұраққа жауап береді?

Мектеп, оқушы, бала, қыз, мұғалім, сынып, аула.

2-тапсырма.

● Сөздерді оқы. Суреттерден көрсет.

● Сұрақ қойып, суреттерді ата.

Бала, қыз, аспаз, мұғалім, биші.



3-тапсырма.

- Өлеңді мәнерлеп оқы.
- Заттың атын білдіретін сөздерді атап, теріп жаз.
- Оларға сұрақ қой.

Сәлем саған, мектебім!

Көктен нұрын төксе Күн,
Жерде ыстық мектебім.
Ала жаздай аңсаған
Сағынышым көп менің.

Сәлем саған, мектебім,
Шақырады от демің.
Білім алып өзіңнен,
Тал шыбықтай көктедім.

(К. Шаматайұлы)

A set of handwriting practice lines consisting of five columns. Each column is defined by a vertical line on the left and a diagonal line on the right, with horizontal lines in between to guide letter height.

4-тапсырма.

- Мәтінді оқы.
- Қарамен жазылған сөздерге кім? не? кімдер? нелер? деген сұрақтардың бірін қой.
- Олар қандай сөздер? Көшіріп жаз.

Ерлан – оқушы. Ерлан мен Ермек дос. Олар мектепке бірге барады. Ерлан бүгін кезекші. Ермек оған көмектесті. **Сынып таза. Оқушылар сыныпқа кірді.**

A set of handwriting practice lines consisting of five columns. Each column is defined by a vertical line on the left and a diagonal line on the right, with horizontal lines in between to guide letter height.

Нәтиже сабақ

Мен не үйрендім?

1-тапсырма.

- Мәтінді түсініп оқы.
- Көркем жаз.
- Заттың атын білдіретін сөздердің астын сыз.

Ән сабағында

Әсем екінші сыныпта оқиды. Ол ән сабағын жақсы көреді. Бүгін сабақта олар әсем күй тыңдады, жаңа ән жаттады. Жаңа ән шырша туралы. Бұл әнді балалар жаңа жыл мерекесінде әдемі айтып берді.

2-тапсырма.

- Сөздерді оқы. Көшіріп жаз.
- Сөздерге сұрақ қой.
- Заттың атын білдіретін сөздерді көпше түрге айналдырып жазып, сұрақ қой.

Мектеп, оқушы, сынып, оқулық, мұғалім, дәптер, қалам.

Үлгі: Мектеп – мектептер. Не? нелер?

3-тапсырма.

● Сұрақтарды теріп жаз.

● ● Сөздер тобына тағы үш сөзден қосып жаз.

Адамдар: кім? мұғалім, ақын,

Өсімдіктер: не? түймедақ,

Құстар: не? бүркіт,

Балықтар: не? жайын,

Аңдар: не? жолбарыс,

Оқу құралдары: не? дәптер,

Көлік: не? трамвай,

4-тапсырма.

● Өлеңді оқы. Көшіріп жаз.

● Өлеңді оқып, кім? сұрағына жауап беретін сөздерді тауып, теріп жаз.

Батырлар аттас балалар

Бауыржан, Мәлік, Талғаттар,


Сүйікті болып қалды аттар.

Олар аттас қаншама,

Сәби бар, шәкірт, ұлан бар.

(О. Асқар)

МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ



Заттың қимылын білдіретін сөздер

1-тапсырма.

- Өлеңді мәнерлеп оқы. Туыстық атауларды тап.
- Туыстық атауларды тауып, атап шық.
- Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қойып, оларды көшіріп жаз.

Мен бөпеме қараймын

Ағам жылқы бағады.
Атам пішен шабады.
Жеңгем сиыр сауады,
Әжем киіз қағады.
Төтем кесте тоқиды,
Мұрат сабақ оқиды.
Менің атым – Талғат,
Мен бөпеме қараймын,
Ойнатуға жараймын.

(Н. Жанаев)


2-тапсырма.

● Суретке қара. Оқы.

● Өз отбасыңның мүшелерін атап жаз.

● Суретке қарап, шағын мәтін құрастыр.

Балалары



Үлгі: Мен өз отбасымды жақсы көремін. Менің әпкем бесінші сыныпта оқиды.

Handwriting practice lines consisting of five sets of horizontal and diagonal blue lines.

Мен, сен, ол есімдері

1-тапсырма.

● Сөйлемдерді көшіріп жаз.

● Қарамен жазылған сөздер қандай сөздер?

Мен қалада тұрамын. Әкем – жүргізуші. Анам – балабақшада тәрбиеші. **Мен** екінші сыныпта оқимын. Менің інім бар. **Ол** бірінші сыныпта оқиды. Біз жақсы оқимыз. Ал **сен** қалай оқисың?

2-тапсырма.

● ● Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жаз.

... атқа су құй. ... көйлек үтіктедім. ... тамақ пісірді. ... саяхатқа бардық.

Керекті сөздер: ол, мен, сен, біз.

3-тапсырма.

● ● Сұрақтарға жауап бер.

1. Марат, сен не істедің? 2. Мен не істедім? 3. Ол не істеді? 4. Біз не істедік?

Нәтиже сабақ

Мен не үйрендім?

● ● Заттың қимылын білдіретін сөздердің анықтамасын есіңе түсіріп, әдемі жаз.

1-тапсырма.

- Өлеңді мәнерлеп оқы.
- Қимылды білдіретін сөздерді тап.
- Оларды жаз және сұрақ қой.

Сыйға – сый

Ара тынбайды.
Ұшып зырлайды.

Шарлап қырларды,
Шырын жинайды.

2-тапсырма.

- Мәтінді оқы. Бірінші екі сөйлемді көшіріп жаз.
- Есімдерді теріп жаз.
- Оларға сұрақ қой.

Менің әжем ауылда тұрады. Мен жазда әжеммен бірге боламын. Әжемнің аяғы ауырады. Ол далаға шыққанда мен таяғын қолына ұстатып, қолтығынан сүйеймін. Әжем маған ризалықпен қарайды.

3-тапсырма.

● ● Өлеңді жаттап ал. *Мен, сен, ол* сөздерін теріп жаз.

Ақ анам

Өзің маған қарайсың,
Нұрын шашқан, ақ анам.
Мен үшін сен арайсың,
Басымдағы бақ, анам.

(«Балдырған» журналынан.)

A set of handwriting practice lines consisting of five horizontal blue lines and five slanted blue lines, forming a grid for writing practice.

4-тапсырма.

● *Сен, мен, сіз, ол* есімдерін қой.

● Сұрақтарға жауап бер.

● Оларды әдемі көшіріп жаз.

- ... кітапты қайда қойдың?
- ... кітапты партаға қойдым.
- ... кімге келдіңіз?
- ... дәрігерге келдім.
- ... қайда барды?
- ... театрға барды.

A set of handwriting practice lines consisting of five horizontal blue lines and five slanted blue lines, forming a grid for writing practice.

Заттың сынын білдіретін сөздер

1-тапсырма.

- Мәтінді түсініп оқы. Бірінші үш сөйлемді көшіріп жаз.
- Сөйлемдерді көшіріп, көркем жаз.
- Қандай? деген сұраққа жауап беретін сөздердің астын ирек сызықпен сыз.

Біздің мектептің ауласында гүлдер көп өседі. Аулада үлкен гүлзар бар. Гүлзардың ортасына әдемі раушан гүлдерін ектік. Жанында қалампыр, түймедақ гүлдері өсіп тұр. Терезе алдында да гүлдер бар. Олар кішкене сары, қызыл, қызғылт гүлдер. Біздер оларды жақсы күтеміз.



Handwriting practice lines consisting of five sets of horizontal lines with a diagonal line on the left side, forming a grid for writing practice.

2-тапсырма.

- Жұмбақтың шешуін тап.
- Заттың сынын білдіретін сөздерді теріп жазып, сұрақ қой.

Қызыл сары, қып-қызыл,
Сүйір тұмсық ұп-ұзын.
Төбесінде жалы бар,
Дәруменді дәмі бал.





Handwriting practice lines consisting of five sets of horizontal lines with a diagonal line on the left side, forming a grid for writing practice.

3-тапсырма.

● ● Мысықтарды түрлі түсті бояумен боя.

● Түстеріне байланысты сөйлем құрастырып жаз. Оларға сұрақ қой.

Үлгі: Ақ мысық ұйықтап жатыр, ... , ... , ... ,



Нәтиже сабақ

Мен не үйрендім?

1-тапсырма.

● Өлеңді жатқа жаз.

● Қандай? деген сұраққа жауап беретін сөздерді тауып, астын сыз.

Ала таңнан тұрып ап,
Құба жонға барамын.

Ақ боз атқа мініп ап,
Жұлдыздайын ағамын.

2-тапсырма.

● Өлеңді мәнерлеп оқы.

● Көркем жаз.

● Туыстық атауды ата.

Ата, үйге ерте қайт,
Бізге қызық ертегі айт.
Шаршап қайтсаң жұмыстан,
Бүгін ойлап, ертең айт.

(М. Әлімбаев)

3-тапсырма.

● Мақалды көшіріп жаз.

● Жаттап ал.

Әке – асқар тау
Шеше – мөлдір бұлақ.
Бала – жағасындағы құрақ.

БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ



Заттың санын білдіретін сөздер

● ● Заттың санын білдіретін сөздердің анықтамасын есіңе түсіріп жаз.

1-тапсырма.

● Сөйлемдерді оқы. Бірінші екі сөйлемді көшіріп жаз.

● Сан есімдерді тауып, теріп жаз.

Мен қаладан алпыс шақырым жерде тұрамын. Біздің үй екінші көшеде орналасқан. Анам таңертең жұмысқа алтыда тұрып кетеді. Мен сабаққа сегізде барамын. Бүгін бізде бес сабақ болады.

2-тапсырма.

- Өлеңді оқы.
- Заттың санын білдіретін сөздерге сұрақ қой.
- Кісі аттарын теріп жаз.

Өнерлі балалар

Қанат, Марат екеуі
Қамшы өре алады.
Таңат, Талап екеуі
Тамаша ән салады.
Самат, Сағат екеуі
Төгілтіп күй шертеді.
Бабақ, Барақ екеуі
Біледі көп ертегі.
Абақ, Манат екеуі
Тай үйретіп жүреді.
Жанат, Манат екеуі
Киім-кешек тігеді.
Балаларды өнерлі
Есептеп сен көр енді.

3-тапсырма.

- Өлеңді көшіріп жаз.
- Сандарды сөзбен жаз.

1, 2, 3,
Ал, көнеки, үш!
4, 5, 6, 7,
Мынау ауыл шеті.
8, 9, 10,
Ал, көнеки, қон!

(Қадыр Мырза Әли)

Нәтиже сабақ

Мен не үйрендім?

1-тапсырма.

●● Суретке қарап сөйлем құрастыр. Көркем жаз.



2-тапсырма.

●● Көп нүктенің орнына тиісті сан есімдерді қойып жаз.

Алмат ... жаста. Атасы жаста. Алмат ... – сыныпта оқиды. Ол атасымен жайлауға барғанды ұнатады. Жайлау ауылдан ... шақырымда орналасқан.

Түбірлес сөздер

1-тапсырма.

- Төмендегі түбірлес сөздерді оқып, олардың ортақ түбірлерін тап.
- Сөздерді түбір мен жұрнақтардың арасына дефис қойып, көшіріп жаз.

Үлгі: біл-ім, ... ,

1. Білім, білгіш, біліс, білдір, білімпаз, білімді.
2. Оқушы, оқулық,
3. Балалық, балақай, балаша, баладай, балақан.

2-тапсырма.

- Мәтінді оқы. Соңғы сөйлемін көшіріп жаз.
- Мағынасы бір-біріне жуық, мәндес сөздерді тауып, астын сыз.
- Оларды теріп жаз.

Мен өз елім Қазақстанды жан-тәніммен сүйемін. Қазақ елі – кең әрі байтақ, бақытты ел. Менің елімде әдемі, әсем қалалар көп. Қазақ елінде көпұлтты халық өмір сүреді. Олар бір-бірімен тату, дос, бауырмал.

Мен өз елімді қатты жақсы көремін, сүйемін, ардақтаймын!

3-тапсырма.

- Мағыналары қарама-қарсы сөздерді тауып оқы.
- ● Мағыналары қарама-қарсы сөздерді тауып жаз.

Жоғары –
Алыс –
Жақсы –
Биік –

ащы –
ұзын –
таза –
терең –

Нәтиже сабақ

Мен не үйрендім?

1-тапсырма.

●● «Су» сөзін түбірлес сөздерге айналдыр.

Керекті жұрнақтар: -ат, -шы, -ар, -сын, -лық.

2-тапсырма.

● Мақал-мәтелдерді оқы.

● Мақалдардан мағынасы қарама-қарсы сөздерді тап, көшіріп жаз.

1. Көп біл, аз сөйле.

2. Ашу – дұшпан,
Ақыл – дос,
Ақылыңа ақыл қос.

3-тапсырма.

●● Өлеңді қатесіз көшіріп жаз.

● Мағыналары бір-біріне мәндес, жуық сөздердің астын сыз.

Бір бала бар – инабатты, ибалы,
Кішіпейіл, достарына сыйлы әрі.
Бір бала бар – ықыласты, ынталы,
Мінезінде жоқ жағымсыз бұлтаңы.

(М. Ниеталиев)

САЯХАТ



Сөз өзгерту

1-тапсырма.

● Сөйлемдерді түсініп оқы.

● ● Көптік жалғауы бар сөздерді көшіріп жаз.

Тоғайда түрлі аңдар болады. Қалың шатқалға қояндар жасырынады. Қызыл түлкілер тоғай кезіп жүреді. Тиіндер ағаштан-ағашқа секіреді.


Handwriting practice lines for the first task, consisting of five sets of three horizontal lines with a diagonal line crossing them.

2-тапсырма.

● Суреттегі заттардың аттарын жаз.

● Көптік жалғауларды қосып жаз.

● Суреттерге қарап сөйлем құра. Көркем жаз.



Handwriting practice lines for the second task, consisting of five sets of three horizontal lines with a diagonal line crossing them.

3-тапсырма.

● Өлеңді мәнерлеп оқы. Бірінші шумағын көшіріп жаз.

●● Қарамен жазылған сөздерді буынға бөліп айт.

Ғажап көрме

Гүлзарларға бөленген
Есілімнің сол беті.
Көрмені кеп көрем мен,
Ол – ЭКСПО-17.

Көрмегім де көп екен,
Жетер ме екем, сірә, мен.
Қарайды, әне, төбеде
Керемет шар – «Нұр әлем».



Сол керемет ішінде
Ұлтымның бар өрнегі.
Кім көріпті түсінде
Мұндай ғажап көрмені.

(Т. Бейсембек)

Handwriting practice lines consisting of a grid of horizontal and diagonal blue lines.

Нәтиже сабақ

Мен не үйрендім?

1-тапсырма.

● Мәтінді оқы. Көшіріп жаз.

● Қарамен жазылған сөздерге көптік жалғауын қосып жаз.

Көктем келді. Балалар серуенге шықты. Қанат ұя жасады.
Гүлнар құстың үнін тыңдады. Марат кірпіні көрді. Талғат доппен ойнады.

2-тапсырма.

● ● Берілген сөздерді үлгі бойынша орындап, жанына жаз.

Үлгі: Суреттер – сурет.

Кезекшілер –

Оқушылар –

Кітаптар –

Ағаштар –

Торғайлар –

Кестелер –

Ойыншықтар –

Қағаздар –

Суреттер –

Малдар –

3-тапсырма.

● ● Жұмбақтың шешуін тап.

Шапса жұбын жазбайды,
Бір-бірінен озбайды.



САЛТ-ДӘСТҮР. МЕРЕКЕЛЕР



Сөйлем. Сөйлемнің түрлері

1-тапсырма.

● ● Өлеңді мәнерлеп оқы. Көркем жаз.

Тұсаукесер

Күрмеуіңді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.



Handwriting practice lines consisting of a grid of blue lines on a white background.

2-тапсырма.

● ● Жұмбақтың шешуін тап.

Көлеңкеңді түсірме,
Патша жатыр ішінде. Ол кім?



Хабарлы сөйлем

●●● Анықтамасын еске түсір.

Blank handwriting practice lines for the first exercise.

1-тапсырма.

- Мәтінді оқы. Көшіріп жаз.
- Наурыз туралы әңгімелеп бер.
- Сөйлемнің түрін айт.

Қазақстанда мемлекеттік мейрамдар көп. Соның бірі – Наурыз мейрамы. Наурыз – көктем мерекесі, жаңа жылдың басы.



Blank handwriting practice lines for the first exercise.

2-тапсырма.

- Берілген сөздерді оқы. Көшіріп жаз.
- Сөздерден сөйлем құрап айт.
- Сөздерден сөйлем құрап жаз.

Көже, бата, бауырсақ.

Blank handwriting practice lines for the second exercise.

Сұраулы сөйлем

●●● Анықтамасын еске түсіріп жаз.

1-тапсырма.

●● Берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдырып жаз.

Үлгі: Айнұр «Маша мен аю» ертегісін көрді ме?

Айнұр «Маша мен аю» ертегісін көрді. Ертегі Айнұрға ұнады. Ол анасына айтып берді. Анасы қызын мақтады.

2-тапсырма.

●●● Өлеңді түсініп оқы. Өлең не туралы? Сұраулы сөйлемді тауып, көшіріп жаз.

– Сәлем берген біздерге, қай боталар?
– Бұл біз ғой – немерелер.
«Үлкенге сәлем береді!» –
Деп шулап, аталардың
Аламыз баталарын.

(Ә. Қайран)

Лепті сөйлем

●●● Анықтамасын еске түсіріп жаз.

1-тапсырма.

● Бұл қандай сөйлемдер? Сөйлемдерді дұрыс оқы.

● Тыныс белгісіне көңіл аудар. Түсіндір.

Сүйінші! Менің кішкентай інім бар. Оның атын мен қоямын. Інімнің аты – Дархан. Дарханның өмір жасы ұзақ болсын!

2-тапсырма.

● Батаны жаттап ал. Көшіріп жаз.

● Батаны жатқа жаз.

Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!
Наурыз құтты болсын!
Дастарқан мол болсын!

Нәтиже сабақ

Мен не үйрендім?

1-тапсырма.

- Мәтінді оқы. Тайбектің сөзін көшіріп жаз.
- Сөйлемдердің түрін ажыратып, көшіріп жаз.

Қар үй

Баян атасы Тайбекке ауладан аппақ қардан ойыншық үй жасап берді. Қалың қардан өткір күрекпен кесектер ойып алды. Онымен үйдің қабырғасын қалады. Есік, терезе қалдырды. Үйдің алдына қора салды.

– Мұнда менің аттарым, сиырларым, қой-ешкілерім тұрады! – деп қуанды Тайбек.

Handwriting practice lines for the text 'Қар үй'. The lines are blue and consist of five horizontal rows with diagonal slanted lines connecting them, forming a grid for letter height and placement.

2-тапсырма.

- Берілген сөздерді көшіріп жаз. Түсіндір.
- Берілген сөздерден сөйлем құрастырып жаз.

Бесік, немере, шілдеhana, әже, қонақ.

Handwriting practice lines for the words 'Бесік, немере, шілдеhana, әже, қонақ'. The lines are blue and consist of five horizontal rows with diagonal slanted lines connecting them, forming a grid for letter height and placement.


3-тапсырма.

- Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып жаз.

Сә...и, нем...ре, бө...е, б...бек, бал...пан.

Handwriting practice lines for the words 'Сә...и, нем...ре, бө...е, б...бек, бал...пан'. The lines are blue and consist of five horizontal rows with diagonal slanted lines connecting them, forming a grid for letter height and placement.

ТАҒАМ ЖӘНЕ СУСЫН



Диалог. Мәтін

●●● «Диалог» дегеніміз не? Анықтамасын есіңе түсіріп жаз.

1-тапсырма.

● Түсініп оқы. Өлеңдегі жануарлардың аттарын жаз.

● Төмендегі диалог сөздер қандай аңдардың арасында жазылған? Ажыратып айт.

Тасбақа

- Пісірер ас көп мұнда,
Тек ыдыс жоқ үйде түк.
- Келе жатқан жоқпын ба,
Қазанымды сүйретіп...
- Қыдырсаңшы менімен,
Күн де күліп қарады.
- Күзеттен кеш келіп ем,
Ұйқы басып барады.
- Неге сонша шаршадың,
Жүк те жоқ қой арқаңда?
- Жерге түспей қанша күн,
Балам отыр қалтамда.






2-тапсырма.

● Мәтінді оқы. Суреттерді боя.

● Мәтін қай жыл мезгіліне арналған? Төмендегі шыны құтыға жеміс-жидектен тосап, көкөністерден тұздық суретін сал.

● Суреттегі көкөністердің, жеміс-жидектердің аттарын жаз.

Күз – бұл өнім жинайтын уақыт. Адамдар бақтан жемістерді, ал бақшадан көкөністерді жинайды. Оларды сақтау үшін қоймаға салады. Олардан әртүрлі тағамдар дайындайды.



3-тапсырма.

- Жыл мезгілдерінің атауларын есіңе түсіріп жаз.
- Суретке қарап екі-үш сөзден құралған сөйлем жаз.
- Өр жыл мезгіліне бір сөйлемнен құрап жаз.



Handwriting practice lines consisting of horizontal blue lines and diagonal blue lines forming a grid.

4-тапсырма.

- Өлеңді түсініп оқы.
- Сыпайы сөздерді жаттап ал.

Біздер сәлем береміз:
– Сәлеметсіз бе, ағай! – деп, –
Есенсіз бе, әжей!
Амансыз ба, атай! – деп.
Ұл-қыз сәлем береміз –
Өнегелі өренбіз.

(Е. Өтетілеуұлы)

5-тапсырма.

● Түрлі түсті бояумен боя.

●● Суретке қарап сөйлемдер құрастыр.



Handwriting practice lines consisting of five sets of horizontal and diagonal blue lines forming a grid.

6-тапсырма.

● Жаңылтпашты тез оқып жаттық!

● Жаттаған жаңылтпашты өз бетіңмен жазып шық.

Сергек Серік,
Сертке берік.
Сабағын көп оқиды,
Сергіп алып.

Handwriting practice lines consisting of five sets of horizontal and diagonal blue lines forming a grid.

Нәтиже сабақ






Мен не үйрендім?


●●● «Мәтін» дегеніміз не? Анықтамасын еске түсір.

1-тапсырма.

- Суреттерді боя. Төрт түлік төлдерін атап шық.
- Бұларды бір сөзбен қалай атайды?
- Оларды қатыстырып сөйлем ойлап жаз. Мәтінге ат қой.

Бота, құлыншақ, бұзау, қозы, лақ.





2-тапсырма.

●● Көп нүктенің орнына берілген сөздердің керектісін қойып, өдемі жаз.

Керекті сөздер: ит, түйе, мысық, сиыр, қой, жылқы.

... маңырайды.


... боздайды.

... кісінейді.

... мияулайды.

... мөңірейді.

... арсылдайды.



3-тапсырма.

●● Жұмбақтың шешуін тап.



Сырт-сырт соғады,
Уақыт озады.

4-тапсырма.

● ● Көркем жаз. Торғайдың суретін боя.

Торғай

Торғай, торғай, торғайсың,
Жақын келіп қонғайсың.
Жем шашайын тойып ал,
Торғай, сонда тоңбайсың.





5-тапсырма.

● ● Өлеңді мәнерлеп оқы. Суретті боя.

● Көркем жаз.

Шие

Шиемін мен, шиемін,
Піскенше тон киемін.
Бала келсе піскенде,
Басымды мен иемін.



ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ



Әртүрлі жазба жұмыстарын жүргізу

1-тапсырма.

●●● Мәтінді оқы. Мазмұнын әңгімелеп бер. Мәтін бойынша жоспар құрастырып жаз.

Саяхат

Мен саяхатқа шыққанды ұнатамын. Жазда мен көл жағасына барып, суға түсемін, Күнге қыздырынамын. Ал күзде орман мен тоғай ішінде серуендеймін. Тау мен тастарды аралап, қызықты оқиғаларды тамашалаймын. Қыс кезінде дала аппақ болады. Қыста мұзда коньки тебеміз. Көктем кезі мен үшін өте ерекше мезгіл. Ол кезде күн жылынып, құстар жылы жақтан ұшып келеді. Маған табиғаттың төрт мезгілі де ұнайды.

Handwriting practice lines consisting of horizontal and diagonal blue lines forming a grid pattern.

2-тапсырма.

● Өліпбидегі әріптерді ретімен оқып шық.

● ● Өліпби қатарымен бас және кіші әріптерді тізіп жаз. Оларды оқып шық.

Аа	Дд	Й	Ң	Тт	Цц	Іі
Әә	Ее	Кк	Оо	Ұұ	Чч	Ь
Бб	Ёё	Ққ	Өө	Үү	Шш	Ээ
Вв	Жж	Лл	Пп	Фф	Щщ	Юю
Гг	Зз	Мм	Рр	Хх	Ъ	Яя
Ғғ	Ии	Нн	Сс	Һ	Ыы	

3-тапсырма.

● Мәтінді оқы. Көшіріп жаз.

● ● Қарамен жазылған сөздерді буынға бөліп жаз.

Жазда балалар лагерьге барды. Олар орманға серуенге шықты. Онда жидек көп екен. Олар көп жидек терді. Таза ауамен демалды.

4-тапсырма.

● ● Төмендегі сөздерді қатыстырып сөйлем ойлап жаз.

1. Серуенге, біздің, барды, сынып,
2. Тау, өзен, барып, жағалауына, дем алдық.
3. Ұнады, бізге, серуен.

5-тапсырма.

● ● Мәтінді тиісті тыныс белгісін қойып көшіріп жаз.

Мен саяхатқа шыққанды ұнатамын саяхат адамды жақсы әдетке баулиды ол қиындықтарды жеңуге үйретеді саяхатқа шыққанда адам денсаулығын түзейді.

6-тапсырма.

● Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қой. Оқы.

● Диалогтерді алғыс сөздермен толықтырып жаз.

- Ата, мына орынға отырыңыз.
- ... , қарағым!
- Әже, сөмкеңізді беріңіз, мен көтерейін.
- ... , айналайын!

Керекті сөздер: рақмет, көп жаса.

Нәтиже сабақ

Мен не үйрендім?

1-тапсырма.

● Бас әріппен жазылған сөздерді теріп жаз.

● Мәтінге қарап өзің туралы жаз.

Менің атым – Әсел. Әкемнің аты – Болат. Анамның аты – Гүлсім. Марат деген кішкентай бауырым бар. Мен Тараз қаласында тұрамын. № 44 мектептің екінші сыныбында оқимын. Оқу озатымын. Құрбым Айнашпен спорт үйірмесіне қатысамыз.

2-тапсырма.

● ● Сөйлемдерді дұрыс құрастырып жаз.

1. Айнаш, саяхатқа, барды, Нұр-Сұлтанға. 2. ЭКСПО көрмесін, балалар, тамашалады. 3. Ағам, ұшақпен, барды, Алматыға.

3-тапсырма.

● Өлеңді көшіріп жаз.

● Өлеңді жаттап ал!

Мен қазақтың тілімін,
Беретін көп білімім.
Достасатын сендермен
Жаңа пәннің бірімін.

(О. Асқар)

4-тапсырма.

● Сыпайы сөздерді жадында сақта және көркем жаз.

● ● Берілген сыпайы сөздерді қандай жағдайларда айтуға болады?

Қайырлы таң! Көп жаса! Өркенің өссін! Талабыңа нұр жаусын! Сәлеметсіз бе! Айып етпеңіз! Жолыңыз болсын! Сәт сапар! Жақсы демалып келіңіз! Сау болыңыз! Рақмет! Қайырлы түн!

Оқу басылымы

**Бекмұхамбетова Күлән Мусиновна
Биисова Аслима Кабекешовна**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
арнайы мектептердің (сыныптардың)
2-сыныбына арналған жұмыс дәптері

Редакторы Г. Ж. Есенжолова
Суретшісі Б. Сопыбеков
Компьютерде беттеген С. К. Ильясова

Басуға 24.05.2019 қол қойылды.
Есептік баспа табағы 6,5. Шартты баспа табағы 5,58.
Пішімі 60x84 ¹/₈. Офсеттік қағаз